

А.Ә. Қабыл*¹, Р. Хазретәліқызы², Н.О. Оразхан³

¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің аға оқытушысы, Шымкент қ.,
Қазақстан

E-mail: algabek-kaby1@mail.ru

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы, PhD.
Түркістан қ., Қазақстан

E-mail: raygul.khazretalikyzy@ayu.edu.kz

³Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы,
Түркістан қ., Қазақстан

E-mail: orazalzenim@mail.ru

1920-1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АУАКӨШУ ЖӘНЕ БОСҚЫНШЫЛЫҚ ТАРИХЫН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Кіріспе. Кеңестік биліктің 1920-30 жылдардағы жүргізген әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларының қуғын-сүргіндік тәсілдеріне наразылық ретінде республика тұрғындарының едәуір бөлігі мәжбүрлі түрде көрші елдерге ауа көшіп, соңы ашаршылық босқыншылығына ұласты. Осы тарихи құбылысты зерттеу және тарихи танымға айналдыру отандық тарихты өзектілендіретін тақырыптардың бірі. *Зерттеудің мақсаты* - ауакөшу құбылысының қуғын-сүргін тарихындағы орны мен ерекшеліктерін айқындап, ғылыми танымға айналдыру. Соған сай зерттеу нәтижелерін оқу бағдарламасына енгізу бойынша педагогикалық ізденістер жүргізу міндеті шешіледі. *Нәтижелер:* архивтік құжаттар мен естелік деректер бойынша жасалған талдаулар арқылы Қазақстанның оңтүстігінде орын алған мәжбүрлі ауакөшу құбылысының себептері мен салдарлары айқындалды. Көшу бағыттары мен қоныстану аймақтары нақтыланды. Ауакөшуге қатысты архивтік деректер базасы жасалды және ауакөшушілердің ұрпақтары-нан сұхбаттар алынып, естеліктер жинақталып, талданды. Зерттеу нәтижелері мен жасалған қорытынды-ларды тарихи танымға айналдыру үшін «1920-1930 жылдардағы Қазақстанның оңтүстігіндегі ауакөшу тарихы» атты таңдау пәнінің мазмұны түзілді. Оқу бағдарламасы жасалды. *Қорытынды:* Ғылыми және педагогикалық зерттеулер нәтижесі көрсеткендей өткен ғасырдың 20-30 жылдары кеңестік реформаларға қарсылық ретінде орын алған мәжбүрлі ауакөшудің стихиялы емес, ұйымдасқандық сипаты дәлелденді. Ауакөшуді ұлттың генетонды сақтап қалған фактор ретінде қарастыруға болады деген қорытындылар ұсынылды.

Кілт сөздер: саяси қуғын-сүргін, мәжбүрлі ауакөшу және ашаршылық босқыншылығы, тарихты оқыту методикасы.

Кабыл А.А. *¹, Хазретәліқызы Р.², Оразхан Н.О.³

¹старший преподаватель Южно-Казахстанского университета им.М. Ауезова, г. Шымкент,
Казахстан

E-mail: algabek-kaby1@mail.ru

²PhD, старший преподаватель

Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави
г.Туркестан, Казахстан

E-mail: raygul.khazretalikyzy@ayu.edu.kz

³старший преподаватель

Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави
г.Туркестан, Казахстан

E-mail: orazalzenim@mail.ru

КАЗАХСКОГО НАРОДА В 1920-1930 гг.

Аннотация

Введение. В знак протеста против репрессивных подходов социально-экономических и политических реформ, проведенных советскими властями в 1920-х и 30-х годах, значительная часть населения республики была вынуждена откочевать в соседние страны, что в конечном итоге переросло в массовый голод. Изучение и превращение данного исторического явления в историческое познание - одна из актуальных тем отечественной истории. *Цель исследования* - выявить историческое место и особенности феномена откочевки в истории репрессий и превратить его в научное познание. В соответствии с этим решается задача проведения педагогических изысканий по включению результатов исследования в учебную программу. *Результаты:* проведены анализы по архивным документам и памятным данным, выявлены причины и следствия явления принудительной откочевки, имевшей место на юге Казахстана. Уточнены направления переселения и зоны расселения. Создана архивная база данных, относящаяся к откочевке; были взяты интервью у потомков откочевников, собраны и проанализированы их воспоминания. Для превращения результатов исследования и сделанных выводов в историческое познание сформировано содержание дисциплины по выбору «История откочевки на юге Казахстана в 1920-1930-е годы». Разработана учебная программа. *Заключение:* Как показали результаты научных и педагогических исследований, доказан не стихийный, а организационный характер вынужденной откочевки, имевшей место в 20-30-е годы прошлого века, как противодействие советским реформам. Были выдвинуты выводы о том, что откочевку можно рассматривать как важный фактор, сохранивший генофонд нации.

Ключевые слова: политические репрессии, принудительная откочевка, голод, беженцы, методика преподавания истории.

*Kabyl A.A*¹, Khazretalikyzy R.², Orazkhan N.O³*

*¹Senior Lecturer at M. Auezov of South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan
E-mail: algabek-kabyl@mail.ru*

*²Doctor of Philosophy (PhD), Senior lecturer at International kazakh-turkish university,
named after Khoja Ahmed Yasawi, Turkestan, Kazakhstan
E-mail: raygul.khazretalikyzy@ayu.edu.kz*

*³Senior lecturer at International kazakh-turkish university named after Khoja Ahmed Yasawi,
Turkestan, Kazakhstan
E-mail: orazalzenim@mail.ru*

PROBLEMS OF TEACHING THE HISTORY OF MIGRATION AND MIGRATION OF THE KAZAKH PEOPLE IN 1920-1930

Abstract

Introduction. In protest against the repressive approaches of socio-economic and political reforms carried out by the Soviet authorities in the 1920s and 30s, a significant part of the population of the republic was forced to migrate to neighboring countries, which eventually turned into mass starvation. The study and transformation of this historical phenomenon into historical knowledge is one of the topical topics of national history. *The purpose of the study* is to identify the historical place and features of the phenomenon of migrations in the history of repression and turn it into scientific knowledge. In accordance with this, the task of conducting pedagogical research on the inclusion of research results in the curriculum is being solved. *Results:* analyses were carried out on archival documents and memorabilia, the causes and consequences of the phenomenon of forced migration that took place in the south of Kazakhstan were revealed. The directions of resettlement and settlement zones were clarified. An archival database related to migration was created; the descendants of nomads were interviewed, their memories were collected and analyzed. To transform the research results and conclusions into historical knowledge, the content of the discipline of choice "The history of migration in the south of Kazakhstan in the 1920s-1930s" was formed. A training program has been developed. *Conclusion:* As the results of scientific and pedagogical research have shown, it is proved not the spontaneous, but the organizational nature of the forced migration that took place in the 20-30s of the last century, as a counteraction to Soviet reforms. Conclusions were put forward that migration can be considered as an important factor that preserved the gene pool of the nation.

Keywords: political repression, forced migration, famine, refugees, methods of teaching history.

Кіріспе. Тәуелсіздік кезеңінде мемлекеттік деңгейде қолға алынған бағдарламалардың бірі – тәуелсіз тарихи таным қалыптастыру болды. Осы мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға қатысты 1995 жылы қабылданған Тұжырымдамада [1] атап көрсетілген еді. Отандық тарихта ақтаңдақ болып келген ауқымды тақырыптардың кеңестік биліктің саяси қуғын-сүргін саясатының тарихы болатын. Отандық зерттеушілерді атқарып келген зерттеу-іздістіру жұмыстарына 2020 жылы 24 қарашадағы ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың «Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын толық ақтау бойынша комиссия құру туралы» [2] жарлығы жаңа мүмкіндіктерге жол ашты. Әсіресе, осы жарлық негізінде ОГПУ – НКВД – КГБ – КНБ – МВД құзыретінде болып келген ведомстволық архивтердің құпия қорларындағы тұмшаланған құжаттардың құпиясыздандырылып, зерттеушілерге қолжетімді болуын атап көрсетеміз. 20-30 жылдардығы саяси қуғын-сүргіннің аясында туған жерінен мәжбүрлі түрде ауақөшу тарихы саяси-әлеуметтік және экономикалық тұрғыда барынша шиеленісті сипат алуымен ерекшеленеді. Осы мәселені оңтүстің өңіріне қатысты окшаулап қарастыру мәселеге айқындық және жинақылық береді деп ойлаймыз. Тақырыпқа қатысты отандық және шетелдік архивтердің құжаттық деректері мен мағлұматтарына ғалыми талдау жасап, халықтың басына зұлмат болып төнген геноцидтік сипаттағы құбылыстың тарихын қалпына келтіруге мүмкіндік берді.

Өзектілігі. XX ғасырдың 20-30 жылдардағы ауақөшу тарихына объективті баға беру арқылы тарихи танымды жаңалайтын нәтижелерді жоғары оқу орындарының студенттерінің оқу бағдарламаларына енгізу мәселесі кезек күттірмейтін міндет ретінде алдымыздан шықты. Шындығында, ғылыми зерттеулер нәтижелерінің іс жүзінде қолданысқа ие болуының маңызы зор. Оның үстіне тәуелсіз тарихи сана қалыптастырудың ғылыми негізі мен дәлелдерін ұсынатын өзекті тақырыптарға арналған зерттеулердің нәтижелерін тарихи танымға айналдыру қазіргі кезде жоғары білім алатын мамандардың құзыреттілігін арттырып, бәсекеге қабілеттілігін орнықтырудың маңызды шарттарының біріне айналып отырғандығы да ескерілуі шарт.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу тақырыбының деректік негізін отандық және шетелдік архив құжаттары мен ауақөшушілер ұрпақтарының сұхбаттары мен естеліктері және педагогикалық зерттеуге сай сауалнама материалдары құрайды. Зерттеу тарихнамалық және деректік, педагогикалық зерттеу бағыттары бойынша жүргізілді. Зерттеу әдістері қатарында деректік сын, тарихи-салыстырмалы тәсіл, архив құжаттарына қатысты археография әдістерінің мүмкіндіктері қолданылғандығын айтап айтамыз. Сонымен бірге, таңдау пәнінің мазмұнын, қолданылатын әдіс-тәсілдерін айқындау үшін сауалнама жүргізу әдістері пайдаланылды.

Талқылау. Тәуелсіздіктің қарсаңына дейін «ақтаңдақ» тақырып болып келген XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы кеңестік биліктің жаппай саяси қуғын-сүргін саясаты тарихының отандық тарихнамасы мен деректік базасы және методологиялық ұстанымдары қалыптасып үлгерді.

Отан тарихының өзекті мәселелеріне жаңа методологиялық көзқарас қалыптастырып, тарихи зерттеудің бағыт-бағдарын айқындап берген М.Қ. Қозыбаев [3], Ж.Б. Абылхожин және Қ.С. Алдажұмановтардың [4] зерттеулерін атап айтуымыз керек. Олардың зерттеулерінде алғаш рет кеңестік тарихнаманың таптық-идеологиялық ұстанымдарына балама болатын тәуелсіз тарихи зерттеу ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері қолданылды. Тақарқа қатысты кейінгі кезде жүргізілген зерттеулерде осы бағыт басшылыққа алынып, одан әрі деректік және методологиялық тұрғыда жалғасын тапты. Мәжбүрлі ауақөшу мен ашаршылық босқындарының мәселесін тарихи демография тәсілдерімен зерттеген М. Тәтімовтің [5,6,7] еңбектерінде 20-30 жылдардығы ауақөшу мен ашаршылық босқындарының болжамды саны мен қоныс-тану аймақтары туралы алғашқы тұжырымдар жасалды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында 20-30 жылдардағы кеңестік реформаларға қарсылық ретінде орны алған тарихи оқиғаларды алғаш рет диссертациялық тұрғыда зерттеген Т. Омарбековтың зерттеуінде [8] Ресей және Орта Азия жеріндегі қазақ босқындарының қайғылы тағдырына, аштыққа қарсы күресте Қазақстандағы жаппай босқыншылықты тоқтатуға бағытталған үкіметтік шараларға арнайы тоқталды. Сонымен бірге автордың (М. Қойгелдиевпен бірге жазылған) «Тарих тағылымы не дейді?» атты зерттеу еңбегі [9] ауа көшушілер мен ашаршылық босқындарының тарихына қатысты тың архивтік деректерді ғылыми айналымға ұсынғандығымен құнды. Ұжымдастыру, босқыншылық, Ауғанстан қазақтары туралы Г.М. Мендіқұлованың диссертациялық зерттеуі де [10] ауақөшу құбылысын алғаш рет арнайы желі ретінде қарастыруымен маңызды. Қазақстандағы ауақөшу мен ашаршылық босқыншылығының себептері мен салдарларын тарихи демография тұрғысында зерттеген С.И. Ковальская [11], Л.Н. Игнатевалардың [12] зерттеу еңбектерінде 20-30 жылдардағы саяси құбылыстарды миграциялық және реиммиграциялық тұрғыдағы кейінгі кезде жүргізілген зерттеулерге бағыт салып бергендігін атап айтамыз.

Ауакөшу құбылысының терминдік мәселелеріне мән берген Р.Байдалы «Жалпы қазақ қоғамында көшіп кету қарсылықтың бір формасы болатын. Қазір Қазақ тарихындағы сол кезең көшіп кету, ауа көшу, амалсыздан көшіп кету, үркіншілік, үдере көшу, босқыншылық, шұбырынды босқын, қанды босқын атауларымен белгілі» [13] деген тұжырым ұсынады. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтауға байланысты құрылған мемлекеттік комиссия жұмысы аясында жүргізілген зерттеулерде ауакөшу тарихын зерттеу өз жалғасын тапты.

Тақырыпқа қатысты шетелдік тарихнамаға қысқаша тоқталуға болады. Солардың арасында тәжік ғалымы А.Нуралиевтің зерттеуінде [14] қазақ ауакөшушілерінің Тәжікстандағы орналасуы мен халықшаруашылығын өркендетуге қосқан үлесі жан-жақты қарастырылады. Дегенде, архивтік деректердің қолжетімсіздігіне байланысты автор ауакөшушілердің естеліктерін негізге алған. Ал ресейлік ғалымдар арасынан саяси бағыттылығымен ерекшеленетін Д. Верхотуровтың зерттеуіне арнайы тоқталсақ болады. Ол өзінің саяси ұстанымына сай Украинадағы ашаршылық құбылысын «Голодоморды» насихаттауда батыс елдері, соның ішінде тікелей АҚШ пен Канада Ресей мен Украинаны бір-біріне ашық қарсы қою, араларына іріткі салу сияқты саяси мақсат көздегендігін жазады. Ғылыми тұжырымдалған «Голодомор» концепциясы Украина үкіметінің тарапынан ресми баға алғанға дейін АҚШ осы мәселеге байланысты саяси және идеологиялық күрес құралы ретінде тарих философиясы мен саясаттанудың «Use of history» (тарихты пайдалану) деп аталатын қолданбалы бөлімін жасай бастауы саяси мақсатты көздеп, барлық ерік-жігер Білім бағытындағы мақсатқа жұмсалды» [15] дей келіп, қазақ жеріндегі мәжбүрлі ауакөшуді және ашаршылықты қазақтардың байларының өзі қолдан жасағандығы туралы голощекиндік тезистерге сүйеніп, «ауакөшкен байлар өздерімен бірге ауылдастарының барлық малын айдап кетті» деген ғылыми негізсіз, саясиландырылған тұжырым жасайды. Оның пікірі бойынша, қазақ ауакөшушілігі мен ашаршылық босқындары туралы қазақ зерттеушілерінің еңбектері этноцентристік бағыттылығымен ерекшеленіп, тарихты бұрмалау болып шыққан. Русскоцентристік ұстанымдармен жазылған ғалымның зерттеулерінде жасалған тұжырымдары сын көтермейді. Әрине, саяси қуғын-сүргін тарихының аса шетін мәселелерін саясиландырмай, ғылыми дәлелді және деректік негізді етіп зерттеу қажеттілігі саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтауға байланысты құрылған мемлекеттік комиссияның басты назарында болғандығын еске саламыз.

Зерттеу тақырыбымызға қатысты тарихнамалық талдау көрсетіп отырғандай, ауакөшу тарихы арнайы зерттелгенімен, Қазақстанның оңтүстігіндегі ауакөшу тарихы арнайы зерттеу нысаны болмағандығына көз жеткіздік. Демек, осы тақырыпта ғылыми зерттеудің арнайы желісі ретінде қарастыру тарихи танымда жаңалық болып саналады.

Нәтижелер. XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақтың туған жерінен өзге елдерге мәжбүрлі түрде ауакөшіп, соны ашаршылық босқыншылығына ұласуы деректік негізде жан-жақты және терең зерттеуді қажет ететін өзекті тақырыптардың біріне айналып отыр. Кеңестік биліктің қуғын-сүргін саясаты салдарынан қиын-қыстау уақыттарда ұлтымыздың едәуір бөлігі сырт жұрттан пана іздеп, дүрбелеңге түсті, аман қалуы үшін ежелден мекен болып, кіндік қаны тамған орындарынан амалсыздан қозғалуға мәжбүр болды. Бұл ақтандақ тақырып халқымыздың басынан өткен сол кездегі зұлматтың тарихын деректі мәліметтер негізінде ғылыми тұрғыдан саралауды қажет етеді. Өмірлік күнкөрістері мен ерте заманнан дәстүрлі шаруашылық тұрпатының күштік тәсілдер арқылы модернизациялануы қазақ қоғамында кәмпеске, бай-кулакты тап ретінде жою, күштеп отырықшыландыру мен ұжымдастыру түрінде көрініс тапты. Оның үстіне астық, ет, жүн т.б. салық науқандары да тұрғындар тарапынан күшті наразылыққа тап болды. Осы реформалық өзгерістерге қарсылық ретінде саяси қуғын-сүргіннен бас сауғалаған жұртшылық амалсыздан іргелес аймақтарға, сондай-ақ КСРО аумағынан шет жерлерге ауакөшіп кетті. Ұлыстың ұйытқысы болған дәстүрлі қоғамның тұрмыс-салты мен рухын шындаған тарихы мен мәдениетіне кеңестік биліктің жасаған зорлығына халықтың қарсылығы осындай тарихи үдеріске алып келді. Олардың жүріп өткен жолдарын, көрген қиыншылықтары мен тіршілік үшін күрестерінің тарихын кейінгі ұрпаққа жеткізіп, тарихи танымға айналдыру қажеттігі туып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы Жарлығын іске асыруға байланысты 1930-1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін тарихын зерттеу, мәліметтер жинау кешенді түрде жүргізілді. Осы үш жылдыққа жоспарланып, өңірлерде құрылған комиссия жұмыстарында қамтылуы тиіс зерттеу бағыттарының бірі 1916-1930 жж. Мемлекеттің жазалаушылық әрекеттері мен биліктің саяси қуғын-сүргін кезіндегі түрлі зорлық-зомбылық, саяси науқандар мен аштық кезінде Қазақстаннан кетуге мәжбүр болған қазақстандық босқындарды ақтау бойынша зерттеу, ұсыныстарды дайындау және енгізу болып белгіленді. Осыған сай Түркістан өңірлік комиссиясының құрамында жұмыс жасаған авторлар Қазақстанның оңтүстігі мен батыс өңірлерінен көршілес республикаларға ауакөшу және ашаршылық,

босқыншылығы тарихын зерделеу жұмыстары барысында шетелдік ГА РФ, ЦГА ТР архивтерімен бірге отандық ТОМА, КРОМА, ҚР ПА қорларында зерттеу-іздістіру жұмыстарын жүргізді. Археографиялық жұмыстар барысында іздеп табылған тақырыпқа қатысты құнды құжаттар өңделіп, ғылыми айналымға енгізілді және ғылыми түсіндірме жасалды. Кешенді зерттеу жұмыстары барысында ауакөшушілер мен ашаршылық босқандарының бүгінгі ұрпақтарымен сауалнама, сұхбаттар жүргізіліп, олардың жадында сақталған естеліктер жазып алынды. Нәтижесінде жарық көрген еңбектердің арасында мыналарды атауға болады: Мемлекеттік террор мен қуғын-сүргіннен туған жерін тастап, Қазақстаннан тыс жерлерге (Өзбекстан, Тәжікстан) ауа көшкендердің архивтік құжаттары мен естеліктер жинағы [16] және Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары). Т.33. Архив құжат-тарындағы Түркістан облысының шерлі тарихы. 1918-1954 жж. Құжаттар мен материалдар жинағы [17].

Осындай мағлұматтар оңтүстіктегі ауакөшу мен босқыншылықтың бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді. Осы аталған жинақтарға ведомстволық архивтерден жүзден астам құпиясыздандырылған ауакөшу тарихын айғақтайтын құжаттар мен ауакөшушілердің көшбасшыларының үстінен жүргізілген 1935-1934 жылдардағы тергеу құжаттары енгізілді. Сонымен бірге жиырмадан астам ауакөшушілер ұрпақтарының естеліктері мен сұхбаттары қамтылды.

Ауакөшушілер тарихын зерттеудегі басты мақсаттардың бірі – олардың болжамды санын анықтау болатын. Осы бағытта жүргізілген зерттеулерде архив құжаттарының деректері ұсынылды. 1928 жылы қазақтардың барлық қожалықтарының саны – 826 мың (яғни 4 млн. 836 мың адам) екен. Бұлардың 120 мың қожалығы отырықшы болса, 700 мыңнан астамы көшпелі және жартылай көшпелі болды. Қазақ халқының саны 1928 жылғы ірі байларды тәркілеу науқанынан кейін қысқара бастайды [8, 14-15 б.]. Бұл цифр ауакөшуге дейінгі қазақ халқының жалпы болжамды санын құрайды. Кәмпеске науқанынан басталған саяси қуғын-сүргінге негізделген ауылшаруашылық реформаларына наразылық ауакөшу түріндегі бейбіт түрден қарулы баскөтерулер түріндегі қарсылықтарға ұласты. Нәтижесінде партия мен атқарушы билік тарапынан саяси, құқықтық және экономикалық қысымға түскен тұрғындардың жаппай ауакөшуі орын алды.

Архив құжаттары ауакөшушілерді халықшаруашылығы үшін аса қат болып отырған жұмыс күші деп таныған Тәжікстанның Орталық билігі оларды ықыласпен қарсы алған. Тәжік КСР Халкомкөнесінің төрағасы А.Ходжибаев «өз түйелерімен келген қазақтарды орналастыру шығындары қайтарымысыз, оған қосымша әр шаруашылыққа 50 сомнан кредит беріледі» [18] деген жеделхаты осы тұжырымды айғақтайды.

Сол сияқты ауакөшушілердің шаруашылық саны мен мал басы туралы деректер ұсынатын құжаттардың бірінде 1931 жылдың көктемінде тәжік жеріне өткен ауакөшушілер тобының құрамында 178 қазақ, 145 қоңырат, 281 қожа-ишандар, 504 бадырақты тайпасының шаруашылықтары, барлығы 1108 шаруашылық, оның ішінде 4787 адам 140 жылқы, 59 өгіз, 114 сиыр, 197 түйе, 467 есек, 714 қойымен өткендігінен хабар береді [19].

1931 жылдың 9 тамызында Өлкелік партия комитетіне Қаржы Халық Комиссарының жолдаған мәліметінде 1930 жылы және 1931 жылдың 5 тамызына дейін Қазақстанның тек 27 ауданынан ғана (қалған 47 ауданның мәліметтері есептелмеген) Орта Азия республикаларына, оның ішінде Өзбекстанға 3436 қожалық 187 909 малымен өтіп кеткендігі айтылады [9, 136-147-148 б.], дегенмен, бұл ресми мәліметтердің толықтығы күмән тудырады. Өйткені, ол есептер тек жергілікті жерлерден көшіп кеткендердің санын ғана қамтыған, ал аталған республикаларға ол шаруашылықтардың қаншасы жеткендігі жөнінде мәлімет есепке алынбаған. Осы екі санның айырмашылығы ауакөшу барысында ауру мен аштықтан, қарулы қақтығыстардан шығын болғандардың жалпы санын құрайды. Әзірге олардың болжамды санының өзі нақтылана қойған жоқ.

Бұл олқылықты орталық биліктің мәліметтері ішінара толықтырады. Айталық, қызмет бабына сәйкес ресми, құпия мәліметтер қолжетімді болған РКФСР ХКК төрағасының орынбасары Т. Рысқұловтың 1933 жылғы 9 наурыздағы Сталинге жазған хатында «Шамамен Қазақстан өлкесімен көршілес көшіп-қонып жүрген жерден алынған соңғы деректер бойынша қазір қазақтар: Орталық Еділде – 40 мың адам, Қырғызстанда – 100 мың адам, Батыс Сібірде – 50 мың адам, Қарақалпақта – 20 мың, Орта Азияда 30 мың адам шамасы. Көшпелілер тіпті Қалмақ жері, Тәжікстан, Солтүстік өлке және т.б. шалғай жерлерде де бар. Халықтың бір бөлігі байлары бастап Батыс Қытайға да көшіп барған. Қазақтардың орталық аудандарға қарай көшуі бірінші рет байқалып отыр. Бұл жай көшу емес (әдеттегі жазда, шағын қашықтыққа және малдары болған кезде), аш адамдардың елеулі бөлігінің талғажау іздеп босуы. Көшіп кетушілер жекелеген аудандар бойынша аудандар халқы жалпы санының 40-50%-ына жетеді...» [20] деген мәліметтер ұсынылды.

1933-1934 жылдары Өзбекстан, Тәжікстан жерінде ауакөшіп жүрген қазақтардың жүзге жуық көшбасшыларын ОГПУ қызметкерлері тұтқынға алып, айдап әкеліп, Шымкент қаласында алты ай тергеуге алған. Сондай көшбасшылардың бірі Алаштың съездеріне қатысқан Серікқұл Алдабергеновке тағылған айыптарды бірі «Жаңақорған ауданынан 14 319 шаруашылық немесе аудан тұрғындарының 52 пайызы ауакөшіп кетсе, мал басы 95 пайызға азайған, 7 мың пұт астық қоры тала-тараж болған, «Сталин», «Еңбек», «Еңбекші қазақ», «Елтай» колхоздары күйреген». Түркістан ауданында 25 пайыз колхозшылар ауакөшкен, мал басы 76 пайызға азайған, «Үсік тас», Исаев атындағы колхоздар күйреген. Тәжікстанда тасымалданған 50 мың пұт астық, 180 пұт қант пен шай талан-тараж болған, ауакөшушілердің Ауғанстан-ға жаппай өтуі ұйымдастырылған, шекаралық бекеттерге 10 мыңнан аса қазақ шаруашылықтары шоғырланған [21]. Осы архив құжаттарындағы мәліметтер де Тәжікстандағы ауакөшкен қазақтардың болжамды санын анықтауға септігі тиеді.

Архив құжаттарында қамтылмаған құнды деректер ұсынатын естеліктердің де деректік маңызы үлкен. Сондай естелік беруші Түркістан облысы Отырар ауданында тұратын Бәйімбетов Абибулла Рысқұлұлының айтуында нағашы атасы Жолдыбай діни сауатты, ауқатты адам болған. Тұрғылықты жерінде Жолдыбайдың ауылы атанып, еліне көшбасшылық жасайды. Сауда-саттықпен айналысады, түйешілер керуенін ұстап, Аралдан Тәжікстанға тұз тасиды. Ол жақтан мата, басқа да бағалы заттарға айырбас жасаған [16, б.300]. 1928 жылы бай адамдардың мал-мүлкін тәркілеу басталғанда Ауған жеріне өтуді мақсат тұтып жолға дайындалады да бір түнде қолдағы бірнеше түйелерімен ауакөшіп кетеді. Амударияны жоғары бойлап, Мургаб деген өзеннің тұсына аялдайды. Мургаб - Ауғанстан және Түркіменстан жерін жалғастыратын өзені арқылы Ауғанстанға өтіп кетеді. Сондарынан қуғын болып, көптеген адамдар, соның ішінде жас балалар оққа ұшқан. Бұл ауған жеріне өткен ауакөшушілердің бірінің ғана естелігі.

Ауакөшушілерді Өзбекстан, Тәжікстан жерлерінде тұрақтап қалмай одан әрі Ауғанстанға өтіуге әрекет жасауының да үлкен себептері бар еді. Өйткені, Қазақстаннан ауакөшушілерді елге қайтаруға әре-кет жасаған күштік құрылымдар қызметкерлері мен белсенділердің қуғындау әрекеттерінің күшеюінен еді.

Тәжікстанның Қорғантабе облысы Колхозабад ауданы, Навопад колхозы деген жерде дүниеге келген Қанатов Шоқан Камаладинұлының аталары да Қызылорда облысының Қазалы ауданындағы Тасарық деген жерінен Тәжікстанға ауакөшіп, одан әрі Ауғанстанға өтеміз деп ойлаған екен. Ауғанстанға өте алмаған соң шекараға жақын Куляб облысының Пархар ауданына тұрақтап түйекеш болып күн көрген [16, 281-б.).

Қазақтардың Өзбекстан, Тәжікстан жерлерінде шаруашылығындағы түйелерімен кәсіп жасап, өмір сүргендері зерттеуші ғалымдардың ғылыми еңбектері арқылы жарияланып жүр. Байларды жаппай тәркілеуде 1000 (мың) түйені айдаған қызылордалық қазақтар Өзбекстан арқылы Тәжікстан асып кетеді. Таулы өлкеде өмір сүретін тәжіктер түйе мінген қазақтарға басында таңырқап қараса да, уақыт өте келе үйренісіп кетеді. Тәжік жүк таситын транспорт компаниясы ұйымының негізін қалаған осы түйе жетектеген қазақтар болған. Қазақ байлары 1928 жылы жер ауып көшіп келгенде, ол жерде ешнәрсе болмаған. Ақыр соңында түйелі қазақтар «Тәжіктранс» ұйымының негізін қалайды. Бертін келе екінші дүниежүзілік соғыс басталады да, мұндағы қазақтар брон алып, Ауғанстан мен Тәжікстан арасында керуен жолын жүргізеді. Астық, қару-жарақ, тұрмысқа қажетті заттарды тасымалдаған [22].

Өзбекстандағы қазақ диаспорасының қалыптасуы жөніндегі зерттеуінде Б.Қалшабаева ауакөшуге негіз болған саяси-әлеуметтік факторлардың қатарында ұжымдастыру, ашаршылық және саяси қуғын-сүргінді атай отырып, «Шыршық қаласы мен Бостандық ауданындағы, Ангрэн, Ахангаран аумағын мекендеген орта жүз қазақтары (бүгінде олардың негізгі бөлігі тарихи Отанға оралған) 1931-1933 жж. ашаршылық жылдары келгендігін айтады. Ашаршылықтан аман қалуды ойлаған олар Өзбекстанға келген. Олар сонау Қоқан, Марғұлан қалалары мен Ташкент аралығында кірекештікпен (1-2 түйемен жүк тасу) айналысып, күн көргендігін айтады. Бұл жылдары келген қазақтар жергілікті халықтан бөлек қоныстанды» [23] деп жазады.

Республикадан тысқары жерлерге босқын болып кеткендердің қолдары жеткендері халық шаруашылығының әр түрлі мекемелеріне жалданып, қиыр шеттегі жерлерге дейін барды. Мұндай мүмкіндік барлығында бола берген жоқ. Қырғызстанға босып барған 100 мыңдай адамның ішінен 1933 жылы сәуірде тек 2500 адамды ғана жұмысшы ретінде орналастыруға нұсқау берілсе Тәжікстандағы Вахш су электр станциясының құрылысына өз бетімен барғандарға жұмыс та, ақы да, азық-түлік те жоқ болып шықты [24].

Ауакөшушілерді елге қайтару мәселесі де жіті назар аударуды қажет етеді. КСРО Халық комиссарлар кеңесінің 1933 жылдың 9 желтоқсанындағы қаулысында 1934 жылы 70 мың ауа көшушілер қожалығын орналастыру жоспарланған. Сол сияқты ауа көшушілерді қоныстандыру және

орналастыру бойынша көзделетін шаруашылық шаралардың кешені бойынша қоныстанған 15 мың шаруа қожалығын, 1935 жылы жұмыс үшін аумақтарды даярлау ретімен 20 мың қожалықты және дербес ТОЗ-ға орналасқан 11 мың шаруа қожалығын жерге орналастыру шараларымен қамту жоспарланады [25]. 1933 жылдың 28 қарашасында БКП(б) Қазақ Өлкелік комитеті бюросының «Ауа көшпешілерді қоныстандыру және шаруашылық тұрғыда орналастыру бойынша міндеттер туралы» қаулысы қабылданған [26]. Қаулыда Еділден, Қарақалпақтан, Орта Азиядан, Сібірден елге оралғандардың легі көбейе түскендіктен, оларды қоныстандыру, орналастыру бүкіл партия ұйымдарының ең маңызды міндеті болып белгіленген. Біз зерттеу барысында Шымкент (қазіргі Түркістан облысы – авт.) облысы бойынша туған жеріне қайта оралған шаруашылықтардың болжамды санын, осы мәселеге қатысты ұйымдастырушылық шараларға назар аудардық.

Сол сияқты зерттеу барысында ауақөшпешілердің Орта Азия республикалары мен Ауғанстан, Иран, Түркияға көшу бағыттарын нақтылап, қорытындысын жариялаған болатынбыз [27]. Жалпы, тақырыпқа қатысты тарихи зерттеулер бойынша қол жеткен нәтижелердің қолданбалық бағытына назар аударып, бірқатар педагогикалық зерттеулер жүргізілді.

Зерттеу нәтижелерін тарихи таным қалыптастыру мақсатында білім беру үдерісіне енгізу үшін жоғары оқу орындарының студенттеріне арнап таңдау пәнінің оқу-әдістемелік кешенін дайындау қажеттілігі туындады. Осы мақсатта болашақ таңдау пәнінің мақсаты мен міндеттерін, пәні мен нысанын анықтап, пәннің мазмұнын құрастыру мақсатында М.Әуезов атындағы ОҚУ тарих емес мамандығының студенттері мен қоғамдық пәндер оқытушы құрамының арасында сауалнама жүргізілді. Тарихнамалық және деректік талдау мен сауалнама қорытындысы бойынша кеңестік биліктің 20-30 жылдардағы саяси қуғын-сүргін саясатының барысында қалыптасқан мәжбүрлі ауақөшу тарихына қатысты мынадай ғылыми-танымдық және педагогикалық қарама-қайшылықты анықтадық, олар:

- ауақөшу тарихына қатысты ғылыми зерттеулердің болуы мен оның нәтижелерін тарихи танымға енгізетін оқу-әдістемелік кешеннің жасалмауы;

- жас ұрпақтың мәжбүрлі ауақөшу тарихын танып-білуге деген қажеттілігінің болуы мен осы тақырыптың таңдау пәні ретінде білім беру бағдарламаларына енгізілмеуі.

Осындай қарама-қайшылықты мәселенің шешімін табу мақсатында зерттеуіміздің барысында қол жеткен нәтижелер мен жасалған қорытындылардың қолданбалығын іске асыру үшін оқу үдерісіне енгізілетін таңдау пәнінің тақырыбы «1920-1930 жылдардағы Қазақстанның оңтүстігіндегі ауақөшу тарихы» деп атадық. Пәнінің мақсатын Қазақстанның оңтүстігінде ХХ ғасырдың 20-30 жылдары орын алған ауақөшу тарихын зерттеу нәтижелерін оқу бағдарламасына енгізу арқылы тарихи танымды жаңалау» деп тұжырымдадық. Осы мақсатты іске асыру үшін мынадай міндеттер белгіленді:

- 1920-1930 жылдар кезеңіндегі кеңестік қуғын-сүргін саясатының себептері мен салдарларын ғылыми негізде талдау;

- туған жерінен Орта Азия республикаларына мәжбүрлі түрде ауақөшу мен ашаршылық босқыншылығы құбылысын саяси қуғын-сүргін саясатының көрінісі ретінде саралау;

- ауақөшуді ұйымдастырған көшбасшылардың қызметі мен қуғындалуын архивтік құжаттар мен естеліктер арқылы қалпына келтіру;

- ауақөшу құбылысының қуғын-сүргін тарихындағы орны мен ерекшеліктерін айқындап, ғылыми танымға айналдыру.

Зерттеу барысында жинақталған архивтік деректер корпусы мен сауалнама, сұхбаттар таңдау пәнінің оқу-әдістемелік кешенін құрастыруға жеткілікті деп есептедік. Соған сай сауалнама нәтижелері ескеріліп, таңдау пәнінің мазмұны құрастырылды.

Кесте: «1920-1930 жылдардағы Қазақстанның оңтүстігіндегі ауақөшу тарихы» таңдау пәнінің мазмұны

	Дәріс тақырыбы	Дәріс	Семинарпрактик. сабақ	СӨЖ	ОБСӨЖ
1 -Модуль. Ауақөшу мен босқыншылық тарихы					
1	Кіріспе. Таңдау пәнінің мақсаты мен міндеттері, пәні мен нысаны	1	2	3	3
2	Ауақөшу мен босқыншылық тарихының методологиялық және методикалық ұстанымдары	1	2	3	3
3	Дәстүрлі қазақ қоғамындағы ауақөшу дәстүрлері	1	2	3	3
4	Ауақөшу мен босқыншылықтың тарихнамасы мен деректері	1	2	3	3
5	Ауақөшу мен ашаршылық босқыншылығы туралы естеліктер	1	2	3	3

2-Модуль. Қазақстанның оңтүстігіндегі ауакөшу (1920-1930 жж)					
6	Оңтүстіктегі ауакөшудің саяси және әлеуметтік себептері	1	2	3	3
7	Ауакөшудің бағыттары мен ауыртпалықтары	1	2	3	3
8	20-30 жылдардағы ауакөшу барысы	1	2	3	3
9	Орта Азия республикаларына ауакөшушілер мен ашаршылық босқындарының орналасуы мен бейімделуі	1	2	3	3
10	Ауғанстан, Иран, Түркияға ауакөшушілердің тағдыры	1	2	3	3
3-Модуль. Мәжбүрлі ауакөшушілерді қуғындау және реиммиграция					
11	Ауакөшушілерді қуғындау шаралары	1	2	3	3
12	Ауакөшушілердің көшбасшылары мен жеке тұлғалары	1	2	3	3
13	Ауакөшушілердің Орта Азия республикаларының халықшаруашылығын дамытуға қосқан үлесі	1	2	3	3
14	Ауакөшушілер мен босқындарды елге қайтарудың үкіметтік шаралары	1	2	3	3
15	Ауакөшу және босқыншылық құбылысының Отан тарихындағы мәні мен маңызы	1	2	3	3
	Барлығы:	15	30	45	45

Нақтыланған пән мазмұнына сай оқу жоспары түзілді. Оқу жоспарында пән тақырыптарының мазмұнымен бірге қолданылатын әдіс-тәсілдер, СӨЗ, ОБСӨЖ тақырыптары, оқу барысында қолданылатын негізгі және қосымша әдебиеттер мен оқу-әдістемелік құралдар тізімі, электронды білім ресурстары жүйеленді.

Оқу жоспары білім контентін дайындаудың бағдарын құрайтындықтан да әрбір тақырыптың мазмұны кеңейтіліп мазмұндалды. Мысал ретінде қарастырылған он бес тақырыптың біріне тоқталайық. «Ауакөшудің бағыттары» деп аталатын лекция тақырыбы былайша берілді: Қазақстанның оңтүстігіндегі мәжбүрлі ауакөшудің бағыттары: Өзбекстан (Қашқадария, Сурхандария, Наманган, Қокан, Әндіжан округтері, Піскент, Жантак, Аққорған, Жоғарғы Шыршық аудандары), Қарақалпақстан (Қоңырат, Шымбай аудандары), Тәжікстан республикасы (Қорғантөбе, Пархар, Жылықөл, Байманабат, Пянж, Вахшстрой, Шеробад, Сталинабад, Арал аудандары), Ауғанстан, Иран, Түркия жері.

Осы тақырып бойынша лекция мәтінде архив құжаттарының деректері, ауакөшушілер ұрпақтарының естеліктері мен кино-фото-фоно құжаттар қорларынан алынған тарихи фотолар, өзіміз дайындаған карта-схемаларды слайд түрінде қолдану ұсынылды. Басқа тақырыптарға да осы үлгіде контент дайындалып, қолданатын көрнекі құралдар, пайдаланылатын оқыту әдіс-тәсілдері жүйеленіп ұсынылды.

Жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихы пәні бойынша аталған кезең оқиғалары мен құбылыстарын оқыту тәжірибесінде, мерзімді педагогикалық басылымдарда жарияланған материалдардағы педагогикалық инновация, сабақтардың дәстүрлі емес типтері, жаңа ақпараттық техно-логияны пайдалану, интерактивті әдістер сияқты оқыту формалары мен әдістерінде жаңашылдық элементтері батыл қолданылуы керек.

Жалпы тарихты оқыту күрделі үрдіс, оқытудың мақсатын анықтау, білім мазмұнын іріктеу, білімді оқытып-үйрету және оны меңгеруге басшылық жасау, студенттердің білім алуы мен оқытудың нәтижесі сияқты өзара байланысты құрамдас бөлімдерден құралады. Оқыту үрдісі үнемі қозғалыста болады, яғни даму үстінде болып туындаған қайшылықтарды шешу арқылы жетіледі. Зерттеуіміздің мақсаты мәжбүрлі ауакөшу тарихы бойынша зерттеу нәтижелерін оқу үдерісіне енгізудің жолдары мен түрлерін ұсыну болды. Осы бағытта жүргізген педагогикалық эксперименттің қорытындылары таңдау пәнін оқытудың әдістемесін қамтитындықтан да тақырыптың бұл желісін мақалада қарастырудан тартындық.

Қорытынды. Өткен ғасырдың 20-30 жылдары кеңестік биліктің қуғын-сүргін саясатына қарсылық ретінде орын алған мәжбүрлі ауакөшу этноцидтік сипаты бар тұтас тарихи процестің маңызды бөлігі ретінде арнайы қарастыруды қажет ететіндігіне көз жеткіздік. Зерттеу барысында мәжбүрлі ауакөшудің стихиялы емес, ұйымдасқандық сипат алғандығы, кеңестік идеология мансұқтаған осы процестің ұлттық генофондымызды сақтап қалушы факторлардың біріне айналғандығына көз жеткіздік. Тақырыпқа қатысты зерттеу нәтижелерін жастардың бойында тарихи сана қалыптастыру мақсатында Қазақстан тарихы курстарына таңдау пәні ретінде енгізудің қажеттігі дәлелденді және аталған пәннің оқу-әдістемелік кешені жасалып, ұсынылды.

Дереккөздер

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві
ҚР ПА – Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві
ТОМА – Түркістан облыстық мемлекеттік архиві
ГА РФ – Государственный Архив Российской Федерации
ЦГА РТ – Центральный Государственный архив Республики Таджикистан

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы [Мәтін]/ Ред. Н.Оразбеков. – Алматы: Қазақстан, 1995. -32 б.
2. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 24 қарашадағы № 456 Жарлығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000456>
3. Козыбаев М.К. История и современность. – Алма-Ата: Гылым, 1991. – 254 с.
4. М.К. Козыбаев, Ж.Б. Абылхожин, К.С. Алдажуманов. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства Алма-Ата, 1992 г.
5. Татимов М.Б. Социальная обусловленность демографических процессов. - Алма-Ата: Наука, 1989. – 128 с.
6. Татимов М.Б. Демографические последствия перегибов в коллективизации: «белые пятна» в исторической демографии Казахстана. Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстане: Опыт и проблемы. – Алма-Ата: Гылым, 1990. – 200 с.
7. Тәтiмов М. Қазақ әлемi (Қазақтың саны қанша? Қазақ қашан, қайдан қуылған, қырылған және атылған?) – Алматы: Қазақстан – Атамұра, 1993. – 160 б.
8. Омарбеков Т. Ашаршылық. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2019. ББ. 14, 15
9. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағдылымы не дейді? – Алматы: Аналіті, 1993. – 208 б.
10. Мендикулова Гульнара Малбагаровна, Исторические судьбы казахской диаспоры происхождения и развитие Диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук Республика Казахстан Алматы 1998
11. Ковальская С.И. Проблемы историографии миграций населения Казахстана (к XVIII-XX вв.) Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук Республика Казахстан Алматы, 1997, 190 с.
12. Игнатьева Л.Н. Роль миграции в формировании населения Казахстана (1926 – 1959 гг.) Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук, Барнаул, 2006, 210 с.
13. Байдалы Р.Ж. 1930 жылдардағы ашаршылық кезіндегі Орта Азия республикаларындағы қазақ босқындары. Электронный научный журнал «edu.e-history.kz» № 4(24), 2020
14. Нуралиев А. Тәжікстандағы қазақтар. –Астана, «Қасиет» баспасы. 2017. 210 б.
15. Дмитрий Верхотуров «Казахский геноцид», которого не было Москва. Изд.Родина. 2021. 224 с.
16. Мемлекеттік террор мен қуғын-сүргіннен туған жерін тастап, Қазақстаннан тыс жерлерге (Өзбекстан, Тәжікстан) ауа көшкендердің архивтік құжаттары мен естеліктер жинағы. [Құрастырушылар тобының жетекшісі т.ғ.д., профессор Х. Тұрсұн, жұмыс тобының мүшелері А.Қабыл, Н. Оразхан.] – Алматы: «Арыс» баспасы. 2022 жыл. – 424 б.
17. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары). Т.33. Архив құжаттарындағы Түркістан облысының ішкі тарихы. 1918-1954 жж. Құжаттар мен материалдар жинағы. Құрастырушылар: Х.Тұрсұн (жауапты редактор), Д.Кенжетәев тб.. – Астана, 2022. -392 б.
18. ЦГАРТ. Ф.18, оп.1, Д.370, л.133
19. ЦГАРТ. Ф.18, оп.1, Д.370, л.274
20. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) Бес томдық. 4-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. Б. 276, 276.
21. ҚР ПА. Іс. 15446. П. 262-272
22. Исенов Ө.И. XX ғ. 20-30 жылдары Тәжікстан Республикасына қоныс аударған қазақ босқындары: тағдыры және олардың бейімделуі. «Қазақстандағы XX ғасырдың 30-шы жж. басындағы ашаршылық және қазақтардың көршілес аумақтарға мәжбүрлі көші-қоны: зерттеу мәселе-лері»=«Голод начала 30-х гг. XX века в Казахстане и вынужденные миграции казахов на сопредельные территории: проблемы исследования»: респ.-тәжіриб. конф. мат.-ры. / Құраст. А.И. Құдайбергенова, М.М. Қозыбаева, Р.Ж. Байдалы. – Алматы: Литера-М, 2021. – 296 б. – Қаз., рус. Б.109.

23. Б. Қалибаева. XX ғ. 20-50 жж. Орта Азиядағы қазақтардың қалыптасу тарихындағы саяси-әлеуметтік факторлар. *Отан тарихы* № 4 (92) 2020. Б. 96
24. Талдыбаев Ж. Қазақ халқы: көші-қон тарихының демографиясы (1926-1959 жж.) *Электронный научный журнал «edu.e-history.kz»* № 1(05), 2016 (Есепке алынған күні: 10.03.2022)
25. ГА РФ. Ф.5446, оп.15, Д. 851, лл. 6, 7, 9, 10
26. Ром Я.М., Ряднин М.С. Всеказакстанское дело Казнапмуздат. –Алма-Ата. 1934. 120 с. С.48-55
27. Kabyl A., Tursun Kh., Abikey A. Nomad migrants as victims of political repressions. *Edu.e-history.kz* 2024. 11 (2) P.369

Derekkozder

KR OMA – Kazakstan Respublikasy Ortalyk memlekettik arkhivy
 KR PA – Kazakstan Respublikasy Prezidentinin Arkhivy
 TOMA – Turkistan oblystyк memlekettik arkhivy
 GA RF – Gosudarstvennyi Arkhiv Rossiiskoi Federasii
 CGA RT – Centralnyi Gosudarstvennyi arkhiv Respubliki Tadjhikistan

References:

1. Kazakstan Respublikasynda tarikhі sana kalypтasuyynyn tuzhyrymdamasy [Matin]/ Red. N.Orazbekov. – Almaty: Kazakstan, 1995. -32 b.
2. Sayasi kugyn-surgin kurbandaryn tolyk aktau zhonindegi memlekettik komissiya turaly Kazakhstan Respublikasy Prezidentinin 2020 zhylygy 24 karashadagy № 456 Zharlygy <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000456>
3. Kozybaev M.K. Istoriya i sovremennost. – Alma-Ata: Gylym, 1991. 254 S.
4. Kozybaev M.K., Abylkhozhin Zh.B., Aldazhumanov K.S. Kollektivizatsiya v Kazakhstane: tragediya kpestanstva Alma-Ata, 1992 g.
5. Tətimov M.B. Socialnaya obuslovlennost demograficheskikh processov. - Alma-Ata: Nauka, 1989. – 128 s.
6. Tatimov M.B. Demograficheskie posledstviya peregibov v kollektivizatsii: «belye pyatna» v istoricheskoi demografii Kazakhstana. Kollektivizatsiya selskogo khozyaistva v respublikakh Srednei Azii i Kazakhstane: Opyt i problemy. – Alma-Ata: Gylym, 1990. – 200 s.
7. Tətimov M. Kazak alemi (Kazaktyn sany kansha? Kazak kashan, kaidan kuylgan, kyrylgan zhane atylgan?) – Almaty: Kazakhstan – Atamura, 1993. – 160 b.
8. Omarbekov T. Asharshylyk. – Almaty: «Arys» baspasy, 2019. BB.14, 15.
9. Koigeldiev M., Omarbekov T. Tarih tagylymy ne deidy? – Almaty: Ana tili, 1993. 208 b. B.136
10. Mendikulova Gulnara Malbagarovna, Istoricheskie sudby kazakhskoi diaspory proiskhozhdenie i razvitie Dissertatsiya na soiskanie uchenoi stepeni doktora istopireskikh nauk Respublika Kazakhstan Almaty 1998
11. Kovalskay S.I. Problemy istoriografii migratsii naseleniya Kazakhstana (k XVIII-XX vv.) Dissertatsiya na soiskanie uchenoi stepeni kandidata istopireskikh nauk Respublika Kazakhstan Almaty, 1997, 190 s.
12. Ignateva L.N. Rol migratsii v formirovaniі naseleniya Kazakhstana (1926 – 1959 gg.) Dissertatsiya na soiskanie uchenoi stepeni kandidata istopireskikh nauk, Barnaul, 2006, 210 s.
13. Baidaly R.Zh. 1930 zhyldardagy asharsylyk kezindegi Orta Aziya respublikalaryndagy kazak boskyndary. *Elektronnyi nauchnyi zhurnal «edu.e-history.kz»* № 4(24), 2020
14. Nuraliev A. Tazhikstandagy kazaktar. –Astana, «Kasiet» baspasy. 2017. 210 b.
15. Dmitrii Verkhoturov «Kazakhskii genocid», kotorogo ne bylo Moskva. Izd.Rodina. 2021. 224 s.
16. Memlekettik terror men kugyn-surginnen tugan zherin tastap, Kazakstannan tys zherlerge (Ozbekstan, Tazhikstan) aua koskenderdin arkhivtik kuzhattary men estelikter zhinagy. [Kurastyrushylar tobynyn zhetekshisi t.g.d., professor Kh.Tursun, zhymys tobynyn musheleri A.Kabyl, N.Orazkhan.] – Almaty: «Arys»baspasy. 2022 zhyl. – 424 b.
17. Sayasi kugyn-surgin kurbandaryn tolyk aktau zhonindegi Memlekettik komissiyanyн materialdary (XX gasyrdyn 20-50 zhyldary). T.33. Arkhiv kuzhattaryndagy Turkistan oblysynyn sherli tarikhy. 1918-1954 zhzh. Kuzhattar men materialdar zhinagy. Kurastyrushylar: Kh.Tursun (zhaupty redaktor), D.Kenzhetaev tb. – Astana, 2022. -392 b.
18. CGART. F.18, op.1, D.370, l.133
19. CGART. F.18, op.1, D.370, l.274
20. Kazakstan tarikhy (kone zamannan buginge dein) Bes tomdik. 4-tom. – Almaty: «Atamura», 2010, 752 b. (B. 210, 419)

21. KR PA. Is. 15446. P. 262-272

22. Isenov O.I. XX g. 20-30 zhyldary Tazhikstan Respublikasyna konys audargan kazak boskyndary: tagdyry zhane olardyn beiiimdelui. «Kazakstandagy XX gasyrdyn 30-shy zhzh. basyndagy asharshylyk zhane kazaktardyn korshiles autaktarga mazhburli koshi-kony: zertteu maseleleri»=«Golod nachala 30-kh gg. XX veka v Kazakhstane i vynuzhdennye migracii kazakhov na sopredelnye territorii: problemy issledovaniya»: resp.-tazhirib. konf. mat-ry. / Kurast. A.I. Kudaibergenova, M.M. Kozybaeva, R.Zh. Baidaly. – Almaty: Litera-M, 2021. – 296 b. – Kaz., rus. B.109

23. B. Kalshabaeva. XX g. 20-50 zhzh. Orta Aziyadagy kazaktardyn kalyptasu tarikhyndagy sayasi-aleummettik faktorlar. Otan tarikhy №4 (92) 2020 B.96

24. Taldybaev Zh. Kazak khalky: koshi-kon tarikhynyn demografiasy (1926-1959 zhzh.) Elektronnyi nauchnyi zhurnal «edu.e-history.kz» № 1(05), 2016 [Esepke alyngan kuni: 10.03.2022]

25. GA RF. F.5446, op.15, D. 851, ll. 6, 7, 9, 10

26. Y.M. Rom, M.S. Ryadnin Vsekazakstanskoe delo Kazpartizdat Alma Ata-1934. 120 c. SS.48-55

27. Kabyl A., Tursun Kh., Abikey A. Nomad migrants as victims of political repressions. Edu.e-history.kz 2024. 11 (2) P.369